

Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 42 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы
№ 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 116-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесі бекітілсін.

2. "Су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 27 қаңтардағы N 102 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 4, 53-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

16

қаңтардағы

N

42

қаулысымен

бекітілген

Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Жер бетіндегі судың ластануын, қоқысталуы мен сарқылуын болдырмау, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын

санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау талаптарына сәйкес жай-күйде ұстау үшін су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленеді.

3. Судың ластануын, қоқысталуы мен сарқылуын болдырмау үшін шаруашылық қызметтің арнайы режимі белгіленетін су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына іргелес аумақ су қорғау аймағы болып табылады.

4. Су қорғау аймағы шегінде шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленген су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына іргелес, аумағының ені отыз бес метрден кем емес су қорғау белдеулері ажыратылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.29 № 286 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) Қаулысымен.

5. Су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органымен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, ал сел қаупі бар аудандарда қосымша - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен келісіліп бекітілген жобалық құжаттама негізінде белгіленеді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

6. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін жобалауды мамандандырылған жобалау ұйымдары жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Жекелеген су объектілері (немесе олардың учаскелері) бойынша су қорғау аймақтары мен белдеулерінің жобаларына нақты объект бойынша су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қажеттілігіне, сондай-ақ мүдделі жеке және заңды тұлғалар да тапсырыс беруші болады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

2. Су қорғау аймақтарын белгілеу тәртібі

7. Әрбір жағалау бойынша су қорғау аймағының ең тар ені көп жылдық межелік деңгейі кезіндегі су жиегінен су тасқыны кезеңіндегі көп жылдық деңгейі кезіндегі су жиегіне дейінгі (өзен жайылымын, жайылым жылғаларын, түпкі жағалауындағы тік жарларды, шұңқырлар мен сайларды қоса алғанда) және

мынадай қосымша қашықтықтар қоса есептеліп, белгіленеді:
шағын өзендер (ұзындығы 200 км-ге дейін) үшін - 500 м;
басқа өзендер үшін:

шаруашылыққа пайдаланудың қарапайым жағдайлары мен су жинаудағы қолайлы экологиялық жағдайында - 500 м;

шаруашылыққа пайдаланудың күрделі жағдайлары мен су жинаудағы қауырт экологиялық жағдайында - 1000 м.

Салалардағы су қоймалары үшін су қорғау аймағының ең тар ені ол орналасқан өзендегідей белгіленеді. Су қорғау аймағының ішкі шекарасы қалыпты тірелген деңгейі кезіндегі су жиегі бойынша өтеді. Су құйылатын су қоймалары мен көлдер үшін су қорғау аймағының ең тар ені су айдынының акваториясы 2 ш.м. және акваториясы 2 ш.м.-ден асса, 300 м. болып белгіленеді. Көлдер үшін су қорғау аймағының ішкі шекарасы судың көп жылдық деңгейінің жағалаулық шегі бойынша өтеді.

Су қорғау аймақтарының көрсетілген көлемдері су объектісінің шаруашылық пайдалану маңызы мен сипатына, санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйіне, іргелес аумақтар мен объектілердің жергілікті физикалық-географиялық, топырақ, гидрологиялық, рельефтік және басқа да жағдайларына қарай нақтыланады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қорының жерлерінде су қорғау аймағы және су объектілерінің жағалауларындағы белдеулер үшін жер учаскелері бөлінбейді.

Табиғи және жасанды шептер немесе жоғарыда орналасқан аумақтардан (өзендер мен сайлардың бұрмалары, жол-көлік желісі, тоспалар, орманды алқаптардың мүйістері) сарқынды сулардың су объектілеріне ағуы мүмкіндігін болдырмайтын кедергілер су қорғау аймағының шекарасы болады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен, 2012.11.07 N 1413 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

3. Су қорғау белдеулерін белгілеу тәртібі

8. Су қорғау белдеулерінің ең тар ені өзен бойы алаптарының нысаны мен түрі, іргелес дөңдердің тік-еңістігін жағалаулар мен ауыл шаруашылығы алқаптары құрамының қайта өңделуі болжамын есепке ала отырып, айқындалады әрі барлық су объектілері үшін мынадай көлемдерде белгіленеді:

Су объектілері жағалауына		Дөңдердің тік-еңістігіне қарай су
іргелес алқаптар түрлері		қорғау белдеуінің ең тар ені (м)

		Жағалаудан Жағалауға еңістігі		
		еңістігі	3 градусқа дейін	3 градустан астам
Шабындық	35	55	100	
Көгал, пішендеме	35	50	75	
Орман, бұта	35	35	55	
Өзгелері (қолайсыз алқап)		35		100

Су қорғау белдеулерінің көрсетілген көлемдері он жылғы кезеңдегі жағалауды қайта өңдеудің болжамды еніне көбейтіледі.

Жағалауында ағаш-бұта немесе қорғаныштық әрі жағалауды бекітетін құрылыстар болған жағдайда құнды ауыл шаруашылығы алқаптарында су қорғау белдеулері енінің азайтылуына рұқсат етіледі.

Шағын өзендер бастауларында су қорғау белдеулері ені былай белгіленеді:
 орман жоқ аудандарда - осы Ережеге сәйкес ені кемінде 35 м. ағаш-бұта
 б е л д е у і с а л ы н а д ы ;

орманды аймақтарда - Қазақстан Республикасының орман заңнамасына
 с ә й к е с .

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.29 № 286 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) Қ а у л ы с ы м е н .

9. Елді мекендер шегінде су қорғау белдеулерінің шекарасы оларды салу мен жоспарлаудың нақты жағдайларын, су объектісінің қоқыстануы әрі ластануын болдырмайтын жағалау аймағын міндетті түрде инженерлік немесе орман-мелиоративтік жайластыруды (парапеттер, орағытып өту, орман-бұта белдеулері және т.б.) ескере отырып, белгіленеді.

4. Ерекше ережелер

10. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін ұйымдастыру суды кешенді түрде пайдалану мен қорғау схемаларында көзделген су жинаудағы су қорғау іс-шаралары кешенімен бірге жүргізіледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қ а у л ы с ы м е н .

11. Су қорғау аймақтарын ұйымдастыру сумен жабдықтау, курорттық, сауықтыру және өзге де халық мұқтаждары үшін пайдаланылатын су көздерін санитарлық қорғау аймақтарын құру қажеттілігін жоққа шығармайды, олардың шекаралары мен көлемдері Қазақстан Республикасының Су кодексімен сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК